Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 – 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Алпамыс» бөбекжай-балабақшасы»
Топ: **«Тұлпар»** кіші тобы
Баланың жасы: 2 жас
Жоспарды құру кезеңі: Қыркүйек-мамыр айы 2024-2025 жж

№	Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1.	Қыркүйек	**Музыка тыңдау:** Музыка тыңдауға қызығушылықтарын қалыптастыру. **Ән айту:** Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.
2.	Қазан	**Музыка тыңдау:** Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. **Ән айту:** Жекелеген сөздер мен буындарды айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру.

3	Қараша	**Музыка тыңдау:** Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. **Ән айту:** Педагогтың дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**. Қарапайым би қимылдарын орындау: шапалақтау және аяқты тарсылдату.
4	Желтоқсан	**Музыка тыңдау:** Әннің мазмұнын түсіну. **Ән айту:** Әнді жеке және топпен айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу.
5	Қаңтар	**Музыка тыңдау:** Қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу. **Ән айту:** Әуенді интонация мен және ырғақты дұрыс жеткізу **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.
6	Ақпан	**Музыка тыңдау:** Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. **Ән айту:** Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңынан бірге айтуға ынталандыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету(қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау.

7	Наурыз	**Музыка тыңдау:** Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. **Ән айту:** Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.
8	Сәуір	**Музыка тыңдау:** Кейіпкерлерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. **Ән айту:** әнді жеке және топпен айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.
9	Мамыр	**Музыка тыңдау:** Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ,), оның ішінде қазақ халқының үлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. **Ән айту:** жекелеген сөздер мен буындарды айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.